

ДӘЙКЕСӨЗ

Дәурен БИМОВ,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҮК ҚОЗҒАЛЫСЫ БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ – «ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ:

ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЕКІ БАСТЫ ФАКТОРЫҚПАЛ ЕТЕДІ: АДАМИ ЖӘНЕ СЕНИМДІ ТЕХНИКА. СОНДЫҚТАН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ТАРТЫМ ҚҰРАМЫН ЖАҒАРТУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ. ЖЫЛ САЙЫН ТЕМІР ЖОЛҒА ЗАМАНАУИ ЛОКОМОТИВТЕР САТЫП АЛЫНАДЫ. БҮЛ БІЗ ҮШІН ДАМУ ЖОЛЫНА САЛЫНАТЫН СЕНИМДІ КАПИТАЛ

АҚПАРАТ

«ТОПЖАРҒАН» ТҮЛЕГІ – ЖЕЛІЛІК БАСШЫЛАР

ҚТЖ-ның 49 желілік басшысы «Топжарған» көшбасшылықты дамыту бағдарламасы бойынша білім алды. Бұл бағдарлама өткен жылы Компаниядағы маңызды міндеттерді жүзеге асыру және басшыларға қажет құзиреттілікті дамыту мен ынталандыру үшін іске қосылған болатын.

Жыл бойы тыңдаушылар жұмыстан қол үзбей «Кіріспе», «Өзгерістер жобалары», «Көшбасшылық», «Стратегия», «Технология», «Қорытынды» сияқты алты модуль бойынша білім көзжіектерін кеңейтті. Дәрісті аталған білім модульдары бойынша біліктілігі мол Ресейден келген тренерлер, сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасарлары мен департамент басшылары берді. Оқыту барысында көшбасшылық пен басқару жөніндегі кең ауқымды және терең спектрлі мәселелер қамтылды. Қатысушылар өзгерістер кезеңіндегі бизнесті дамыту үшін жүйелі басқаруды құрудың озық әлемдік тәжірибелерімен танысты. Бағдарлама қатысушылардың «Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бейнемониторинг жүйесін енгізу», «Тексерістер санын қысқарту», «Нормативтік-техникалық құжаттар» мобильдік қосымшасын әзірлеу және енгізу», «Байланыстар көлемін қысқарту», «КЖК АБЖ мобильдік қосымшасын әзірлеу» және «QR-код цифрлық сервисін құру» сияқты нақты жобаларының таныстырылымын көрсетумен аяқталды.

«Топжарған» бағдарламасының қатысушысы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның маркетинг жөніндегі атқарушы директоры Дәулетбек Нығметовтің айтуынша, оқыту бағдарламасы топ-менеджменттің құзиреттілігін арттыру саласындағы негізгі тақырыптар игеріліп, пысықталған. «Біз инновациялық өнімдер құру, мақсаттармен және міндеттерді жоспарлау процесімен таныстық. Бізде модульдар арасында ақпараттарды сіңіруге және тәжірибе жүзінде жаңа мысалдармен сынақтан өткізуге жеткілікті уақытымыз болды, тіпті ең тәжірибелі деген қатысушылар үшін жаңашылдық пен қызығарлық жайттар көп болды», – деді ол.

Оқыту қорытындысы бойынша «Топжарған» көшбасшылықты дамыту бағдарламасын бітіргені туралы қатысушыларға сертификаттар табыс етілді. Оқыту кезінде ерекше ықыласымен назарға іліккен компанияның топ-менеджерлері басшылықтың грамоталарымен марапатталды.

Нұрбек БЕКЕН

БҮГІНГІ САН

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 11 АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

376 518

МЫҢ ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН

НОВОГОДНИЙ ПОДАРОК

В ГОСТИ К САНТЕ – НА ВОЛШЕБНОМ ЭКСПРЕССЕ

Филиал АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки» подготовил для своих пассажиров новогодний подарок – путешествие из столицы к жемчужине Казахстана на «Волшебном экспрессе». Тематические вагоны скоростного электропоезда позволят в полной мере проникнуться праздничной атмосферой, отвлечься от городской суеты и даже отправить Санте письмо с заветным желанием.

Любовь РОВБА

Новогодние вагоны – результат успешного взаимодействия филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки», ТОО «Бурабай Даму» и JV Coca-Cola Almaty Bottlers LLP. Визитная карточка Coca-Cola – рекламная кампания «Праздник к нам приходит» во всем мире ассоциируется с Новым годом и ожиданием чудес. Именно этой идеей вдохновились авторы проекта «Волшебный экспресс».

Вагоны характерной тематики с изображением улыбающегося Санты появились в составе двух электропоездов, следующих из столицы на станцию Курорт-Боровое.

– Этот год выдался достаточно сложным, и мы постарались в преддверии Нового года подарить людям хорошее настроение, – сказал заместитель директора филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки» Сергей Балашов. – Мы заключили меморандум с ТОО «Бурабай Даму», в рамках которого организовали для первых пассажиров праздничного вагона тур «Новогодний экспресс к Санте». Наша цель – развитие внутреннего туризма. Поэтому одним проектом работа не ограничится. В планах – сотрудничество с представителями туристического бизнеса и организации ознакомительных поездок в другие живописные уголки Казахстана.

Скоростной электропоезд отправляется со столичного вокзала «Нұрлы жол» в 6.13. Найти нужный вагон не составит труда – он сразу привле-



пассажиров в атмосферу радостного ожидания.

Для удобства жителей и гостей столицы предусмотрена посадка на поезд также с вокзала Нур-Султан-1. Тура экспресс прибывает в 6.38. В пути следования состав останавливается лишь на двух станциях – Акколь и Макинка. Поэтому время в дороге пролетает незаметно, и уже в 9.47 – за окном станция Курорт-Боровое.

Первых пассажиров поезда на перроне встречали представители ТОО «Бурабай Даму». На туристическом автобусе в сопровождении профессионального гида столичный десант посетил местные достопримечательности. Тур включал обзорную экскурсию по Боровому с возможностью прогуляться по покрытому льдом Голубому заливу с видом на скалу-загадку Жумбактас, загадать желание на поляне Абылай-хана, проехать по ханскому перевалу до смотровой площадки «Ракушка». Путешественники побывали также в местном зоопарке, центре пантолечения и новом экспозиционном выставочном комплексе, сочетающем в себе музей мультимедиа и технологии виртуальной реальности. К слову, пока он не имеет аналогов в Казахстане.

Окончание на 3 стр.



кает внимание яркой окраской. Внутри – тоже праздничное убранство эргономичными красными креслами и баром. Улыбчивые проводники в новогодних шапочках, ящик для писем «Почта Санты», тематическое музыкальное сопровождение – все это моментально погружает

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ ЗАЩИТЫ

В АО «НК «ҚТЖ» обсудили внедрение новой модели информационной безопасности в рамках программы «Цифровая трансформация».

Кирилл МАКСИМОВ

Проект инициирован в рамках создания Киберсита группы фонда АО «Самрук-Қазына». Он соответствует Концепции кибербезопасности и направлен на создание высоко адаптивной и эффективной системы управления и

обеспечения информационной безопасности.

– На сегодняшний день процессы управления уязвимостями и инцидентами информационной безопасности внедрены и автоматизированы. Обеспечивается регулярный контроль, – отметил руководитель проекта, главный менеджер департамента корпоратив-

ной безопасности АО «НК «ҚТЖ» Орынбасар Жунисбеков.

В настоящее время внедрение новой модели информационной безопасности (перезагрузка) находится в активной фазе.

Процесс управления инцидентами информационной безопасности реализуется на базе круглосуточной дежурной смены. Стоит отметить, что уже наблюдается улучшение показателей скорости обработки инцидентов информационной безопасности. Регулярно проводятся обучающие семинары.

Внедрение проекта обеспечило должный уровень защиты информации работников при удаленном подключении. Полное завершение, согласно Дорожной карте цифровой трансформации, планируется в декабре 2021 года.

ЖҮЗ ЖАС ЕСІМ

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ СОҒҒЫ САБАҒЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «100 жас есім» жобасы бойынша жас мамандарды дамыту бағдарламасының соңғы – төртінші оқыту модулі басталды. ZOOM платформасында 23 желтоқсанда ашылып, келесі сейсенбіге дейін жалғасатын оқытудың соңғы модулі – «Сатылмайтындық» деп аталады.

Райхан РАХМЕТОВА

Тоқсан сайын 3-4 күн ішінде өткізілетін бұл модульдердің бұған дейінгі тақырыптары – «Кәсібилік», «Әлеует», «Көшбасшылық» деп аталғаны мәлім. Бұл жолғы «Сатылмайтындық» модулінде іскерлік этика кодексі, мүдделер қақтығысы, қаржылық сауаттылық мәселелері қозғалды. Онлайн шараны ұлттық компанияның HR бойынша атқарушы директоры, персоналды басқару департаментінің директоры Тамила Микулич ашты.

Бұл модульде сырттан шақырылған қопақ, спикер – ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша уәкілі Руслан Жұманов сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және адалдық

тақырыбында баяндады. Осы тақырып аясында БҰҰ жоғары құқық саласындағы жобалар менеджері Гүлмира Түлешбаева сөз сөйледі. Одан әрі үшінші модульдегі челлендж тапсырмасының жеңімпаздары жарияланып, көптең дараланып көрінген 5 жас маманның челленджі көрсетілді. Модератор Мақсат Жансейітов «Сатылмайтындық» модулінің аңдатпасымен таныстырды. Тренер Ильдар Валиуллов нақты бір мәселелер бойынша топтық мәселе талқылауға кезек берді. Филология докторы, академик, профессор Қазбек Қазенов «Сыбайлас жемқорлық Шығуы, Экскурсы, Векторлары» деген тақырыпта баяндама жасады. Компанияның ішкі тренері Ирина Капанова «Іскерлік этика кодексі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы профилактика» деген тақырыпты

қозғайды. Тренер Вера Макагер «Визуалды көзге шеберханасы: Күрделі тақырыптарды қалай оңай әрі түсінікті түсіндіруге болады?» деген тақырыпта мәселе көтерді.

Келесі күндері, яғни 24, 25, 28, 29 желтоқсанға дейін жалғасатын төртінші модуль отбасылық қауіпсіздік бағдарламасына арналған қаржылық сауаттылық, «Адал жол» жобалық кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы, қатысушылар арасында іскерлік этика кодексі мен жемқорлық бойынша пікір-сайыс турнирін өткізу бойынша ерекшеленді.

Нәтижесі алдағы жылдың кезекті модулінде белгілі болатын осы модульдің челленджі де қызықты тақырыптарды қамтығаны анық. Челлендждің «Өзім үшін» деген бөлімі бойынша өз бөлімшесінде ең кем дегенде бір



қызметкерге тәлімгер болу, биыл алған білімін өзгелерге үйрету, ҚТЖ-ның корпоративтік мәдениетін насихаттау тапсырмасы берілді. Ал «ҚТЖ үшін» деген бөлімінде олар «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жас қызметкерлеріне «ҚТЖ 100 жас есім» бағдарламасын түсіндіруге арналған вебинар өткізіп, «ҚТЖ 100 жас жолсерік» байқауына қатысуды көзден отырған үміткерлерге консультация жүргізуі керек және визуалды концепт жасау бойынша шеберханадан алған білімін қолдана отырып «ҚТЖ 100 жас есім жобасы маған не берді?» деген тақырыпта плакат жасайды. «Ел үшін» деген челлендж бөліміндегі тапсырмамен 2021 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту» жылы болғандықтан осы тақырыпта патриоттық акция ұйымдастыру керек.

ИНФРАСТРУКТУРА

РАСТЕТ ПАРК ПЛАТФОРМ

АО «KTZ Express» увеличит парк собственных фитинговых платформ на 29% до 2022 года.

В целом KTZ Express увеличит парк собственных фитинговых платформ на 2 000 единиц. Поставки новых фитингов будут осуществлены в рамках договоров с АО «ЗИКСТО» и АО «Фонд развития промышленности».

Документы предусматривают производство АО «ЗИКСТО» 2 000 единиц 80-футовых фитинговых платформ для KTZ Express в течение 2021-2022 годов. Первая поставка начнется в первом квартале 2021 года.

– Приобретение 2 000 фитинговых платформ обеспечит обновление вагонного парка KTZ Express и снизит их дефицит до 67%, – говорит руководитель KTZ Express Дмитрий Абдуллаев.

Напомним, KTZ Express управляет парком из 6 000 контейнеров. При этом 430 из них – с климатическим контролем и 7 000 фитинговых платформ. Согласно прогнозам экспертов, приобретение новых платформ обеспечит рост контейнерных грузовых перевозок группы компаний АО «НК «ҚТЖ» в транзитном сообщении в среднем до 100 тысяч ДФЭ в год.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

СВОЕВРЕМЕННО И ОПЕРАТИВНО

Свыше 252 тысяч километров железнодорожных линий проверено мобильно-диагностическими комплексами за 11 месяцев 2020 года. По итогам проверки своевременно и оперативно заменены более 1 300 дефектных рельсов.

Внедрение мобильных диагностических средств реализуется в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан». Проект позволяет повысить уровень безопасности движения поездов за счет своевременного выявления отступлений от норм в содержании железнодорожного полотна.

Современный мобильный диагностический комплекс представляет собой транспортное средство, где совмещены диагностические системы различного назначения. Это ультразвуковая и магнитная дефектоскопия, контроль геометрических параметров, контроль геометрических параметров профиля головки рельса, видеоконтроль состояния рельсов и скреплений, контроль соблюдения габаритов приближения строений, система георадиолокации.

Переход на новую систему проверки железнодорожного полотна предусматривает снижение числа старого оборудования – дефектоскопных тележек, а также снижение влияния человеческого фактора при оценке состояния путевой инфраструктуры.

В настоящее время диагностика инфраструктуры магистральных сетей проводится в единицах новых мобильных диагностических комплексов, за каждым из которых закреплен определенный участок пути.

Жаныбек КЕНЕС

ЖАҢАЛЫҚТАР

КОНВЕНЦИЯЛЫҚ ТЫЙЫМ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ

Қазақстанның магистральдық жолдарында жүк тиеуге сұраныс болмай, бостан босқа орын алып тұрған шетелдік бос вагондар саны 1,6 мың бірлікке қысқарды.

Еске сала кетсек, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ биылғы жылдың 15 желтоқсанында шетелдік теміржол әкімшіліктерінің ашық вагондары мен астықтасушы-вагондарына, барлық жеке және жалға алынған бос жабық вагондарына тасымалдауға конвенциялық тыйым салған болатын. Нәтижесінде шетелдік бос вагондар саны кеміді. Ал конвенциялық тыйым салынғанға дейін Қазақстан теміржолдарында 48,6 мың бос шетелдік вагон бар еді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Қанат Көбесов, жылжымалы құрамның профицитті темір жолдың өткізу мүмкіндігіне теріс әсер етіп, пойыздар қозғалысын баюлататынын айтады. Вагондар тиімді тапсырыстарды күтіп, жол бойында ұзақ уақыт тұрып қалуы ықтимал. Осыған байланысты жүк жөнелтушілерден түскен шағымдар саны өскен, олар жүкті қажетті мөлшерде және станцияға мәлімделген мерзімге шығаруда қиындық көріп отырғандарына шағымданған. Десе де, ел темір жолдарында бос тұрған вагондар саны 47 мың бірлікті құрап отыр.

Алашанькоу станциясында да жүк түсірілімін күтіп тұрған жабық вагондар саны төмендеп келе жатқаны байқалады. 19 желтоқсандағы дерек бойынша 185 вагон жүк түсіру кезегін күтіп тұр, ал жиырма күн бұрын олардың саны 377 вагонға жетіп жығылған болатын. Осы ретте атап өтерілі, Ұлттық компания жүктердің дүттеген жеріне уақытылы жеткізілуі үшін пойыздық және маневрлік жұмыстарды жақсартуға бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырмақ.

Ислам ТАЛҒАТ

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ КӘСІП



Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы мәслихатының шешімімен бір топ теміржолшылар «Мұнайлы ауданының құрметті азаматы» атанды. Марапаттау рәсімі аудандық әкімдікте салтанатты жағдайда өтті.

Бұл күні ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар азамат түрлі деңгейдегі құрметке ие болды. Алты адам «Мұнайлы ауданының Құрметті азаматы» атағын алды. Олардың қатарында Маңғыстау вагон пайдалану депосының бастығы Сәрсенбай Есенқұлов, «Теміржолсу» мекемесін көп жылдар басқарған Орын Оразғалиев пен Батыс Қазақстан теміржолы Атырау бөлімшесінің №5 Маңғыстау жұмысшыларды жабдықтау бөлімін басқарған Тәжіғали Бекқалиұлы бар. Сонымен қатар Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. Құрмет иелерін Мұнайлы ауданының әкімі Рахат Елтизаров құттықтап, төсбелгілерін тақты.

– Тәуелсіздік – біздің баға жетпес байлығымыз. Осынау айтулы мерекеде теміржолшылар құрметке лайық болып жатса, бұл – олардың еңбегі. Аға буының мұндай жетістігі кейінгі буын жастардың көсібіне қызығушылығын арттырып, жауапкершілік жүктейді. Теміржолшының жұмысы ауыр, бірақ абырыны, құрметке лайық кәсіп, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТЕДІ



Қазіргі кезде теміржол саласы заманауи өндірістік құрал-жабдықтармен, жоғары қуатты локомотивтермен қайта жабдықталып, пойыз қозғалысын ұйымдастыру және басқару автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істейді.

Қазақстан темір жолы батыс пен шығысты жаңа темір жол желілерімен байланыстыратын, ел экономикасын алға сүйреуші қуатты күшке айналды.

Осы жағдайда теміржолды қажетті жұмыс күшімен қамтамасыз ету – өзекті мәселенің бірі. Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі – болашақ теміржол мамандарын дайындау миссиясын өз дәрежесінде атқарып келе жатқан байыргы оқу орнының бірі.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалына қарасты Тараз станциясында колледж шәкірттері өндірістік жетекшілердің басқаруымен іс-тәжірибеден өтеді. Болашақ теміржолшылар үшін басты тақырып – пойыздар қозғалысымен танысып, қозғалыс қауіпсіздігін көкейге тую. Тәжірибе барысында білімгерлер теориядан алған білімдерін тәжірибе жүзінде пайдаланады. Сондай-ақ, өндірістік машықтамада олар станция бойынша кезекшілік міндеттерін атқарып, пойыздарды қабылдап, жөнелте алады.

Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және басқару мамандығын оқытуда сапалы мамандар даярлау үшін ақпараттық технологиялар мен инновациялық тәсілдерді тиімді пайдалану маңызды екенін білеміз. Темір жол көлігін ұйымдастыру және басқару қызметі – еңбек нарығын басқарушы мамандық. Мұнда барлық құрылым заманауи технологиялармен жаңартылуда.

Ақмарал МАХАМБЕТОВА,

Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің оқу-өндіріс шебері

ИННОВАЦИЯ

БЕЙНЕТІРКЕГІШ – ҚАУІПСІЗДІК АЙНАСЫ

Темір жол қозғалысы қауіп-қатерсіз емес, станциялар мен перегондарда апатты жағдайлар жиі тіркелетіні белгілі. Алайда, мұндай жағдайда кімнің кінәлі екенін анықтау қиынға соғып жатады. Міне, осындай келеңсіздіктер туындамас үшін бүгінде заманауи құрылғылар көмекке келеді.

Жігер ӘШІМ,
Алматы

Соның бірі – тепловоздарға орнатылатын бейнерегистратор соңғы жылдары ҚТЖ-ның қауіпсіздікті жақсарту саласындағы үлкен жетістігі болып отыр. Бүгінде Алматы ЖТ бөлімшесіне қарасты тепловоздар бейнерегистратормен қамтылуда. Үштебе станциясы басшысы Ербол Ниятжановтың айтуынша, тепловоздарға бейнерегистратор орнату көптен арман болған. ««Қазақстан темір жолы» АҚ-на ұсыныс жаздық. Теңдер жарияланып, ақша бөлінді. Сөйтіп, жеңген компания арнайы келісім-шарт негізінде тепловоздарға бейнерегистратор қондырғысын орнатуды қолға алды. Бұл, әсіресе, апатты жағдай тіркелгенде үлкен көмек болады. Апат болса, көп жағдайда кінәлі анықталмай, жала машинистке жабылатынын талай көріп жүрміз. Бұл машинистердің жұмысқа деген ынтықшылығын төмендетіп, көңіл-күйін түсіретіні сөзсіз. Сондықтан бейнерегистраторлардың орнатылуымен ондай келеңсіздіктер жойылады деп сенеміз», – дейді станция бастығы.

Ал Үштебе локомотив айналым депосының бастығы Берікқали Абилов: «Біз жаңа талапқа сәйкес, ескі SKD 6 E маневр тепловозына 4 бейнерегистратор орнаттық. Яғни, бұл алдыңғы және артқы жағынан түсіреді. Темір жол бойында



күніне қанша заңбұзушылықтар болып жатады. Жолдан адамдар жүгіріп өтеді, мал басып кетеді, вагондар тоналады, тағысын тағы. Міне, осындай-дан туындайтын оқиыс жағдайларда бейнетіркегіш – машинисті ақтап алу үшін керек дүние. Әрі заңбұзушылықты тоқтатуға да септігін тигізеді» дейді.

Сондай-ақ, депо басшысы заманауи қондырғы локомотив бригадасын да заң шеңберінен шықпай әрекет етіп, тәртіп бұзбауға дағдыландыратынын да айтады. «Өйткені бәрі алақандағыдай анық, дауыс та, бейне де жазылады. Қондырғының бір жылға кепілдігі бар. Әсіресе, машинистер қуанып жатыр. Бұл олардың алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды» дейді.

Жаңа құрылғының орнатылғанына қуанып жатқан тепловоз машинистерінің бірі Жомарт Жаңатаев екен. «Талай жылғы тәжірибемде небір заңсыздық әрекеттер тіркелді. Бірақ қателік кімнің тарапынан кеткені жабулы қазан күйінде қалатын. Енді мұндай әрекеттерге тыным салынады деп сенемін. Себебі, бейнерегистратор бәрін жазып, бәрін түсіреді. Күмәнді жағдай болса, кез келген сәтте куәміз бар, тексеріп, анықтай аламыз», – дейді машинист.

Суретті түсірген автор

СҰХБАТ

АҚТӨБЕДЕ БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ БАЗАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Мұнайлы мемлекеттің донор облыстары саналатын Батыс Қазақстан өңірінде теміржолдың орны ерекше. Соның ішінде тоғыз жолдың торабында орналасқан, Батыс Еуропа-Батыс Қытай байланысының алтын көпірі – Ақтөбе өңірінің маңызы жоғары. Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Бөріхан Беркімбаевпен сұхбатымыз мұнайлы өңірдің кешегі-бүгінгі тыныс-тіршілігі мен алдағы жоспарлары туралы өрбіді.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

– Бөріхан Смағұлұлы, Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктерін қалай бағалар едіңіз?

– Батыс Қазақстан теміржолының құрамында болған Ақтөбе теміржолы 1997 жылы үкіметтің теміржол көлігін қайта құру туралы қаулысына сәйкес құрылған «Қазақстан темір жолы» мемлекеттік кәсіпорнының құрамына енді. Содан бері Ақтөбе теміржолында көп өзгеріс болды, 370 шақырымға жуық теміржол салынып, 16 жаңа станция мен разъездер ашылды. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде бұл аз жетістік емес.

– «Ғасыр құрылысы» атанған «Хромтау-Алтысарын» темір жолы қалай салынды? Неге қол жеткіздік?

– Еліміздің тұңғыш Президенті көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне баса мән берді. Бірінші кезекте республика өңірлерін бір-бірімен байланыстыратын теміржол құрылысы дамытуы міндеттеді. Хромтау мен Әйтеке би жолының Ақтөбе тармағы шегіндегі 169 шақырымдық Хромтау-Алтысарын теміржол желісі 2004 жылдың қараша айында пайдалануға берілді. «Ғасыр құрылысы» деп аталған жаңа теміржол желісі елдің шығысын батыспен, орталық аймақтарды оңтүстігімен біріктіріп және шығыстан жүк жеткізу ұзақтығын 2 мың, ал жолаушы пойыздарының жолын 1,5 мың шақырымға қысқартты. Егер бұрын 2,5 мың шақырым Ақтөбеден Астанаға дейін Ресеймен шекараны төрт рет кесіп өтсе, жаңа жол салынғаннан кейін Ресейге соқпай, небәрі 24 сағатта жететін болды. Құрылыс бюджеті 15 миллиард 253 миллион 56 мың теңгені құрады. Бұл жолдың салынуы жергілікті халықтың әл-ауқатының өсуіне орасан зор әсер етті. Жолаушыларға

қызмет көрсету пункттері, әлеуметтік-мәдени нысандары мен тиісті теміржол инфрақұрылымы бар 7 станция ашылды. Хромтау, Никельтау, Әйтеке би, т.б. станциялар аз жылда қатты дамыды. Онымен қоса жергілікті халық та өсіп-өнді, өркендеді.

– ТМД елдерінде аналогы жоқ рельсарқалық зауыты да Ақтөбеде ашылды. Бүгінде экспортты еселен отырған кәсіпорынның батыста салынуының қандай артықшылықтары бар?

– Ақтөбе бұл жерде географиялық орналасуымен ерекшеленеді. Яғни, тоғыз жолдың торабында, халықаралық көлік дәліздерінің қиысқан тұсында орналасқан Ақтөбе қай жағынан да қолайлы екені анық. Посткеңестік мемлекеттер аумағында осындай 3 зауыт бар. Біздің Ақтөбе жобасы олардың бәрінен жоғары, бұл жобада ескі ештеңе жоқ, тек заманауи технологиялар қолданылады, қолданылатын стандарттар Еуропалық Одақ талаптарына сәйкес келеді. Зауыттың жылдамдығы жоғары теміржол желілері мен жүк тығыздығы жоғарылаған желілерде қолданылатын 120 метрлік инновациялық термотұрақталған рельстер шығаратындығымен ерекше. Зауыт өнімдерін ҚТЖ ішкі жолдардың құрылысына кеңінен қолдануда, сонымен қатар бүгінде Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Грузия, Түркіменстан, Ресей Федерациясы, Эстония және Иранға экспортталады. Зауыт құрылысы мен өнімдерін жөнелту жобасын жүзеге асыру үшін Қызғалдақты станциясына жан-жақты жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жолдар кеңейтілді. Қазіргі уақытта онда тек зауыт өнімдеріне арналған арнайы қабылдау-жөнелту жолдары бар.

– Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін әкеледі деп күткен Бейнеу-Жезқазған теміржолы, оның ішінде Ақтөбеге қарасты Тассай-

Шалқар телімі үмітті ақтады ма?

– Жалпы ұзындығы 988 шақырымды құрайтын Жезқазған-Бейнеу жаңа теміржол желісі Қазақстанның 4 облысын кесіп өтеді – Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау. Біздің аймақтағы Шалқар-Бейнеу көлік дәлізі республикаішілік көлік-экономикалық қатынастарды, елдің экспорттық байланысын ұтымды етуге, сондай-ақ транзиттік ағындардың өту жағдайларын оңтайландыруға арналған. Сонымен қатар, жаңа теміржол желісі республиканың барлық аймақтарындағы көлік байланыстарына оң әсерін тигізді және желінің қолданыстағы учаскелері арасында жүк тасымалы белгілі бір қайта бөлінуіне әкелді. Үміт ақталды. Тауарлардың қозғалысы үшін жүгіртісі азайтуға, сондай-ақ қолданыстағы белгілі бір бағыттар бойынша трафиктің таралуын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа маршруттар құрылды. Тасымалдау қатыстығының қысқарғанын ескере отырып, бұл Орталық, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Қазақстанның республикадағы көлік-экономикалық байланыстарына және экспорттық трафикке оң әсерін тигізді. Тасай станциясының келешегі зор. Онда жүк тасымалы жылдан-жылға артып келеді.

– Агломерациялық орталыққа айналып Ақтөбеге Орал қосылды. Бөлімшенің мүмкіндігі артты ма?

– Ұлттық компания ұтымды әрі тиімді жобаларды дамытуда. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүк тасымалының неғайту жұмыстары аясында Ақтөбе бөлімшесіне Орал бөлімшесі қосылды. Нәтижесінде теміржол жолдарының пайдалану ұзындығы 318,6 км-ге ұлғайтылып, 1833 км құрады. Филиал шекарасында 121 жеке пункттер мен станциялар бар. Қазір Ақтөбе ЖТ бөлімшесі

ТАСЫМАЛ

ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

Биыл Қазақстан мен Қытай арасында шекаралық станциялар арқылы жоспарланған 19,5 миллион тонна мөлшеріндегі тасымал көлемі толық жүзеге асты. Коронавирус індеті дүрбелең салған күрделі жағдайға қарамастан екі елдің теміржолшылары алға қойған міндеттерін табысты орындады.

Осылайша, өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда биыл жүк тасымалы 11% артып отыр. Алтынкөл және Достық шекаралық станциялары ұжымдарының елеулі еңбегі ескерусіз қалмай, оларды «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының жүк қозғалысы жөніндегі орынбасары, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Дәурен Бимов жоспарды мерзімінен бұрын орындағандары үшін құттықтады.

«Бұл – біз үшін атаулы оқиға. Мұндай көрсеткішке біз халықаралық өткелдердің жұмысты ұтымды ұйымдастыруы мен кәсіби тәсілдемесінің арқасында, сондай-ақ, шекаралық кедендік қызметтермен бірлесіп жұмылып, қимылдау нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз», – деп атап өтті басшы құттықтау жеделхатында.

Атап өтетін жайт, биыл шекара маңындағы станциялардың теміржолшылары жүк пойыздарының орташа тәуелділік алмасуы бойынша рекорд орнатты. Мәселен, жазда Достық-Алашанькоу шекаралық өткелі арқылы тәуелділік 18 пойыз, ал Алтынкөл-Қорғас шекаралық өткелі арқылы тәуелділік сегіз пойыз жеткізілді. Бұған дейін Достық-Алашанькоу шекара өткелі арқылы тәуелділік – 16, Алтынкөл-Қорғас шекара өткелі арқылы тәуелділік бес пойыз өткізіліп келген болатын.

Қазіргідей қиын-қыстау кезеңдерге қарамастан, «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ жүк тасымалдарын үздіксіз қамтамасыз ету, теміржол тасымалдарының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін барлық резервтерді жұмылдырып отыр. 2021 жылы да тасымалдау қызметін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар жалғасатын болады. Сонымен қатар республика ішінде және Азия-Еуропа халықаралық қатынасында да жүк көлемін ұлғайту үшін қолайлылық, оның ішінде инфрақұрылымды дамытуға жағдайлар жасалмақ. Сондай-ақ, жүк жөнелтушілермен ынтымақтастықта бола отырып, темір жол, оның ішінде халықаралық тасымалдар процесінде туындайтын әртүрлі мәселелерді оңтайлы шешу қарастырылған.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Жайсаңмен – Шыңғырлау, Илеқмен – Әйтеке би, Қостанаймен – Сағыз, Секеуімен – Қызылорда, Тассаймен – Маңғыстау бөлімшелерімен шектеседі. Жүк тасымалдау жұмыс-тарында үлкен серпін бар.

– «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ биыл тасымалдау процесін автоматтандыру жобасы шеңберінде Ақтөбеде «Пойыздар қозғалысын басқару орталығын» ашты. Трансформациялау жобасы қандай тиімділікті арттырды?

– 2020 жылдың қазан айында Ақтөбе қаласында пойыздар қозғалысын басқару орталығы іске қосылды. Бұл пилоттық жоба Қазақстан аумағында алғаш рет енгізілді. Оған Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда шекарасында орналасқан инфрақұрылымды бар теміржол учаскелері кіреді. Барлық пойыз диспетчерлері, локомотивтер мен вагондар қондырғыларының диспетчері, Батыс өңірінің инфрақұрылымдық диспетчері аймақтық пойыздар қозғалысы және инфрақұрылымды басқару орталығында орналасқан. Пойыздар қозғалысы мен полигонның инфрақұрылымды басқару және бақылау микропроцессорлық орталықтандырылған диспетчерлік, жедел және технологиялық байланыс, пойыздар қозғалысы мен инфрақұрылымды басқару орталығында және радиобайланыстар арқылы, сондай-ақ бүкіл аймақтың желілік пункттерінде жүзеге асырылады. Тасымалдау қызметін басқару технологиясының өзгеруі локомотив паркін пайдалану сапасының көрсеткіштерін, соның ішінде локомотивтердің орташа тәуелділік жүрісін жақсартуға, локомотив бригадаларын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде пойыздардың маршруттық жылдамдығын жақсартуға оң үлесіне ие болып отыр.

– Алдағы жылға жоспарлар туралы да айта кетсеңіз...

– 2021 жылы бірқатар құрылымдық өзгерістер орын алмақ. Ақтөбе, Маңғыстау, Атырау, Қызылорда ЖТ бөлімшелерін біріктіру жоспарлануда. Жұмыс 2 кезеңмен жүзеге асырылады. 1 кезең – Ақтөбеде Батыс аймақтағы жүк тасымалы базасын құру. 2 кезең – қозғалыс және тасымалдау функцияларын «Жүк тасымалы» ЖШС филиалынан «Магистральдық желі бөлімшесіне» ауыстырып, «ҚТЖ-Инфрақұрылым» магистральдық желі бөлімшесінің базасы құрылады деп күтілуде. Сондықтан, алда теміржолшыларды тынымсыз еңбек күтіп тұр.

– Өңірімізге рахмет, теміржолшыларға сәттілік серік болсын!

Суретті түсірген автор

СЕРВИС

В ВАГОНАХ ЧИСТОТА, ПОРЯДОК И УЮТ

Об итогах деятельности и планах развития национального перевозчика на следующий год рассказал во время онлайн-брифинга генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Питер Штурм. Так, компания намерена на две трети модернизировать парк вагонов.

Асель ШАЙХЫНОВА

Как отметил спикер, одними из направлений деятельности АО «Пассажирские перевозки» реализуется Стратегия обновления пассажирского подвижного состава, рассчитанная на 2020-2029 годы. В рамках Стратегии планируется приобрести 469 единиц новых пассажирских вагонов и 26 вагонов-электростанций. Требования к закупаемым вагонам разработаны совместно с Deutsche Bahn и соответствуют международным стандартам, включая удобство и доступность для всех групп пассажиров, в первую очередь для людей с ограниченными возможностями. Для этого уже проведен международный конкурс по привлечению стратегического партнера по организации производства вагонов на базе ТОО «Вагоностроительный завод «Тулпар», результаты которого будут обнародованы в конце января следующего года, – подчеркнул Питер Штурм.

Он также рассказал, что в этом году принято решение об установке в вагонах поездов холодильников и микроволновых печей для удобства пассажиров. Кроме этого, со следующего года в вагонах поездов начнут сортировать мусор по разным категориям.

